

РУДОЛЬФ ФОН ЛАБАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ТАЛДАУ ӘДІСІ: ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ, ЕРЕКШЕЛІГІ

Ильзат Аухадиев¹, Мадина Абишева²

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

²П. И. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала экспрессивті би теоретигі және австриялық хореограф Рудольф фон Лабанның қозғалыс зерттеулері жайында. Атақты теоретик құрған жүйенің мәні, бағыты мен құрылымы, Германиядағы жаңа би жанрының дамуына ықпалын бергені туралы қарастырылады. Адамның қарым-қатынасын түсіну мен қозғалысын талдауының жан-жақты жүйесі – «Р. Лабанның қозғалыс талдауы» деп аталады. Ол тұрақты өзара әрекеттесетін төрт санатты қамтиды: дене, кеңістік, пішін және күш (динамикалық қасиеттер). Бұл жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен өз болмысын көрсету философиясы адамның шығармашылық тұрғыдан өз-өзін, өзінің даралығын толық танытуына, сондай-ақ, сахнада және өмірде тиімді әрекет жасауына жол ашып, адам мен адам топтарының қимылдарын бейнелеуге және дамытуға көмектесетін жүйе болып табылады. Авторлар экспрессивті бидің қайнар көзі Германияның балеттанушыларымен қатар Батыс Еуропалық, Ресейлік зерттеушілердің еңбектерін қарастырды.

Бұл мақалада Р. Лабан талдауының негізін қалаушысының өмірі, ізденіс пен шығармашылық жолдары, жүйенің негізгі ұғымдары мен эволюциясы, жалпы адамның қимыл, іс-әрекетін түсіну, оның неліктен туындайтыны, кеңістіктен қалай жұмыс істеуге болатындығы айқындалады. Рудольф фон Лабанның теориясы пластикалық тілді дамыту мен байыту әдісі аясында маңызды рөл атқарады, себебі ол арнайы көркем мәтінді ұйымдастыру үрдісі ретінде сезімдерді дене қимылдары арқылы көрсетудің тәсілдерін жасауда хореограф үшін ізденіс мәселесін өзектендіреді. Модернистік зерттеуші ретінде атақты теоретик Рудольф Лабанның ғылыми жұмыстары әлі күнге дейін бүкіл әлемдегі хореографтар мен ғалымдардың шығармашылығында көрініс табатын адамдардың көркемдік өз болмысын таныту мәселесін зейін қойып зерттеуге бағытталған. Осылайша, мақалада би саласындағы тәжірибешілердің эксперименттері мен олардың Лабан дискурсының қазіргі күнделікті өмірде орын алуына қалай әсер ететінін зерттеуге негізделген.

Түйін сөздер: хореография, заманауи би, Рудольф фон Лабан, қозғалыс, қойылым, өнер, театр, жүйе.

Дәйексөз үшін: Аухадиев, Ильзат және Мадина Абишева. «Рудольф фон Лабанның қозғалысты талдау әдісі: тарихы, теориясы, ерекшелігі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, №4, 2023, 221-238 б., DOI: 10.47940/cajas.v8i4.774.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Экспрессивті бидің негізін қалаушысының бірі — Рудольф Лабан (қозғалысты талдау және жазу жүйесін жасаған теоретик ретінде танымал), оның шәкірттері Мэри Вигман, Сюзанна Пероте, Курт Йосс, Сигурд Лидер, сонымен қатар, Лабанмен тікелей байланысты емес, Грэт Паллука, Розалия Хладек, Дор Хойер және т.б. Экспрессивті би, ең алдымен, Германиядан бастамасын алды, ал модерн би американдық құбылыс. Мифологиялық, метафоралық, символдық және әдеби ұғымдарды басшылыққа алған модерн биінен айырмашылығы, экспрессивті би субъектіге, дәстүрлі емес, дерексіз қозғалыс стильдеріне, иррационалдылыққа бет бұрған би жанры.

«Германиядағы модерн биінің пайда болуы мен танылуына, ғылыми зерттеулер мен еңбектердің жасалуына ықпал еткен би өнерінің жарқын өкілдері — Мэри Вигман және Рудольф фон Лабанның еңбегі зор. Екі қайраткер де әр түрлі бағытта жүріп, әртүрлі мақсаттарды көздегеніне қарамастан, модерн биінің дамуы мен қалыптасуына қосқан үлестері өлшенбейтінін көрсетті...» (Гренда 2).

Лабан қозғалыс талдауы — бұл адамның қозғалысы мен қарым-қатынасын түсінудің жан-жақты жүйесі. Ол тұрақты өзара әрекеттесетін төрт санатты қамтиды: дене, пішін, кеңістік және күш. Хореограф адамның санасында болатын және дене бітіміне енетін жаһандық өзгерістерді анықтауға тырысқан.

«Лабан, сонымен қатар, «Лабан қозғалыс талдауы» деп аталатын адамның қозғалысын талдаудың кешенді жүйесін жасаумен танымал. Қозғалысты талдау (LMA), ол адамның қозғалысын сипаттаудың, бейнелеудің, түсіндірудің және құжаттаудың ең негізгі әдістерінің бірі ретінде қызмет етеді» (Salazar Sutil 10).

Заманауи би эволюция барысында бірнеше рет өзгеріске ұшырап, әр түрлі дене эксперименттер жиынтығын біріктірді — бұл заманауи бидің тәжірибелік базасын құрады. Хореограф Рудольф фон Лабан ХХ ғасырдың би әлеміне зор жаңашылдық алып келді. Мақала автораларымен хореография өнеріне енген ықпалды өзгерістерді зерттеу барысында эволюциялық тарихи әдіс тұрғысынан талдау жүргізілді. Атақты теоретиктің қозғалыс талдауының мәнін ашу мақсатында мақала келесі теориялық зерттеу әдістері қолданылды: биографиялық әдіс, компаративисттік әдіс. Осы әдістерді қолдана отырып, «Лабанотация» немесе «Лабанның кинетографиясы» — адамның қозғалысын жазуға және талдауға арналған белгілер жүйесі зерттелді. Бұл Рудольф Лабанның еңбегінен алынған, оны сипаттаған Энн Хатчинсон Гэст және басқалар. Пластикалық тілдің белгілерін зерттеудің компаративисттік тәсілі хореографтың пластиканың басым функциясына және қозғалыстың дифференциалды қатынасын анықтауда қажет. Теоретиктің ХХ ғасырдағы хореография тарихында бүгінгі күнге дейін белсенді дамып келе жатқан тенденцияны қалыптастырған «еркін би» бағыты бірдей маңызды. Оны жасаушылардың жалпы көзқарасы классикалық және реформаланған балетке балама болды, ол қалыптасқан пластиканы босатып, қозғалыс мазмұны, белгісі мен дененің эмоционалды толықтығынан бас тарту мақсатында болды және ол ойды ашу мақсатында салыстырмалы талдау жүргізілді. Семиотикалық талдау тұрғысынан Рудольф Фон Лабанның зерттелген жұмыстары пластикалық көркемділігі мен мәнерлігін қалыптастырудағы дененің, кеңістіктің, қозғалыстың рөліне назар аударады, бұл өз кезегінде қозғалыстың жеке көрінісінің маңыздылығын мұқият қарауға мәжбүр етеді. Қазіргі таңда

Р. Лабанның зерттеу еңбектері оқу бағдарламаларында, медицина саласында өзінің жемістерін беруде. Мақала тақырыбы бойынша ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және талдау, білім ордаларында заманауи би дәрістерін бақылау, хореографиялық композициялардың негізгі идеясы мен мазмұнын анықтау зерттеулері жүргізілді. 21.10.2022 күні Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сы мен Ресей театр өнері институтының ұйымдастыруымен өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында Гүлмира және Гүлнар Габбасовалар «Заманауи би педагогикасы, орындаушы», «Балетмейстерлік өнер» білім беру бағдарламаларында Р. Лабанның зерттеулерін әдістеме ретінде қолданатыны жайлы атап өткен және практикалық тұрғыда ұсынды.

Пікірталас

XX ғасырдағы қозғалыстарды талдау жүйесін тұңғыш атақты биші, хореограф, оқытушы, теоретик Рудольф фон Лабан құрды. Ол заманауи бидің көптеген ұлы майталмандарының тәлімгері болды. Р. Лабан заманауи және халық биін, сондай-ақ, күнделікті өмірдегі де қозғалыс үдерістерін зерттеген. Бүгін оның өмірі мен шығармашылығын талдаған зерттеушілер қатарында: Вальтер Зайферт, Ойген Дидерихс, Лизель Фройнд, Лиза Ульманн, Фран Леви, Марк Эванс, Татьяна Соломкина, Марина Матушкина, Оксана Воробьева, Ксения Дёмина, Юрий Усачев, А. Бугаев, Вадим Максимов, Диана Шульц, Виталий Митин, Вадим Никитин, және т. б. бар.

Еркін бидің пайда болуы мен қалыптасуы XX ғасырдың бірінші жартысындағы негізгі көркемдік бағыттардың бірі — мәнерлілік аясында жүреді. Веймар республикасының (1919-1933 жж. Германияның атауы) кезеңінде еркін би экспрессионизміне бостандық эмоциялары ықпал етіп, биде өз

көрінісін тапты. Бұл ойға келген театртанушы Ивонна Хардт (И. Хардт 2008, 505).

Р. Лабанның Лондондағы қозғалыс және би орталығының профессоры Валери Престон-Данлон, Лабанның шығармашылығында экспрессионизммен байланысты әлемдік өнердің көрінісін көреді (69). Лабан XX ғасырдың басында Венада бейнелеу өнеріндегі үқсас өзгерістерге куә болды: Густав Климт, Оскар Кокошка, Эгон Шиеле; Парижде бұл Поль Сезанн, Анри Матисс, жас Пабло Пикассо болды. Василий Кандинский мен Мюнхендегі «Көк шабандоз» («Синий всадник») тобы үшін бұл портреттен, пейзаждан бас тарту түрінде болды; олардың орнына адам рухының өзін-өзі көрсетуге деген ішкі қажеттілігінен шабыттанған өрнек құралы, түсі мен формасы болды. Заманауи тарихшы Ани Суке Лабан идеясын тұжырымдаған (361). Хореограф адамның санасында болатын және дене бітіміне енетін жаһандық өзгерістерді анықтауға тырысады. Оның пікірінше, қазіргі өмірдің дискреттілігі (үзік-үзік бөлшектену — экспрессионистердің негізгі ережелерінің бірі) тәжірибені, соның ішінде, дене деңгейінде игеруге мүмкіндік бермейді. Қазіргі заман адамының есте сақтауға, әсерді сіңіруге уақыты жоқ, сондықтан тұтастық бұзылады. Солай бола тұра, тәжірибені физикалық деңгейде қабылдап, үйренген ұрпақтың жады белсендіріледі.

«Лабанның еңбектері әртістің бір сәттік ішкі күйінің көрінісі ретінде эстетикалық бимен боялмаған қозғалысқа негізделді. Экспрессионистік биші эмоционалды шыңға жеткен сәтінде, ол бұдан былай ішкі дүниесіндегі қайнап жатқан сезімін тоқтата алмай, оны сыртқа шығарады. Сахна кейіпкердің субъективті күйін көрсетеді» (Соломкина 1).

Биші, балетмейстер, оқытушы және би теоретигі ретінде танымал XX ғ. заманауи биінің майталманы

Рудольф фон Лабан (шын тегі — Варальяш) 1879 ж. желтоқсанынның 15 жұлдызында Словакияның Братислава қаласында өмірге келді. Әкесі әскери адам болғандықтан, Лабан жастайынан Таяу Шығыс пен Солтүстік Америкаға жиі сапарға шығып отырған. Себебі, оның әкесінің қызмет орны жиі өзгеріп отырған. Осы іс-сапарлар оның шығыс және славян мәдениетін зерттеп, үңілуіне үлкен себеп болды. Әр түрлі салт дәстүрлер, мәдениет, өнер, халық билерімен танысуы Р. Лабанның зерттеу жұмысының негізі болды. Ол 1900 ж. Париж қаласына барып, 1907 ж. дейін бейнелеу өнері мектебінде тәлім алды. Мектепте оқу барысында ол би, драма және дизайн салаларына да үлкен қызығушылық танытқан. «Аттила де Варалджа» лақап атымен «Мулен Руж» атты кабаресінде өнер көрсеткен, сонымен қатар, сол кездегі атақты опера театрларының балет труппаларында қызмет істеген.

Рудольф фон Лабанның Париждегі білім алу кезеңі жас бишінің ғұмырындағы оқиғаларға толы болды, себебі дәл сол сәтте ол қозғалысқа қатысты рәсімдер мен дәстүрлерді зерттей бастады, сонымен қатар, би жазбаларын жасап, тәжірибелер ұйымдастырған.

Р. Лабан 1910 жылы Германия қалаларында «еркін би» мектептерін құруына қадамдар жасады. Сол кездерде оған Мэри Вигман қосылып, кейіннен ол да XX ғасырдың ұлы би новаторларының біріне айналады. Екі хореограф бір-бірінен көп нәрсені үйренді және бұл олардың ұзақ және жемісті ынтымақтастығының бастамасы болды. Кейінірек ол Нюрнберг, Цюрих, Гамбург қалаларындағы Лабанның би мектептерінің жетекшісі болды. Бірінші дүниежүзілік соғысы кезінде теоретик Р. Лабан Швейцарияда Маджоре көлінің жағасындағы Аскона мекенінде өткен «Lago Maggiore» фестивалінің жетекшісі қызметін атқарған. Дәл сол

фестивальдің өткізілуі барысында оған сол кездің тенденциясына нұсқауланған кез келген адамға қол жетімді болатын табиғи би идеясы келген. Керемет ойдың пайда болғанының арқасында ол кеңістік пен үйлесімділік нысандары бойынша зерттеу жұмыстарына кіріседі. Осы идеяларды іске асыру үшін Р. Лабан театр құрып, оған ғимарат салу шешімін қабылдайды. Өз мақсатына жетіп, театрының құрылысын сәтті аяқтаған, алайда көп ұзамай театр ғимараты соғыс салдарынан жойылған. Атақты теоретик өкпелі сезіммен алға қойған мақсат, жоспарларын жүзеге асыру үшін Асконадан кетіп, Мюнхендегі барлық жұмыстарынан бас тартып, Цюрихке көшеді де, өзінің би мектебінің есігін білімалушыларға айқара ашады.

Р. Лабан үшін соғыс салдары өзінің көздеген мақсаттарына жету, яғни бидің табиғаты мен кеңістік үйлесімі туралы зерттеу жұмыстарын жүргізуге кедергі болған емес. Ол 1920 жылы Мюнхен мен Вена қалаларында бірге қызмет еткен өзімен пікірлес, көзқарастары ұқсас адамдарды өзіне тартты. Бірнеше жылдар өте келе ұйым халықаралық би труппасын құрды — «Tanzbuehne Laban» («Лабан театры», басқа атаулар — «Шынайы қимыл театры», «Экспрессивті би театры»).

Хореография саласының теоретигі би өнерінің рөлі мен әлеуметтегі орнын жандандыруға ұмтылды. Р. Лабан уақыт өте келе қалыптасқан дәстүрлі билерден, қағидаларға сай музыкалық сүйемелдеуден, тақырыптар мен сюжеттерден бас тартқан. Бидің экспрессивтілігін дене емес, кеңістік беретіндігін анықтап, жаңа ғылыми жұмыстар жазған. Теоретик жатталған, яғни алдын ала дайындалған би қимылдарынан тәуелсіз дене өз ырғақтарын іздеп, кеңістікті толығымен қамтуы керек деген ойға келген. Оның ойынша, импровизация арқылы адам денесі өзі қозғалуы қажет.

Ресейлік балеттанушы Марина Матушкина өзінің «Би импровизациясы:

XX ғасырдың басында. Шығу тегі және даму тарихы» (2014) атты еңбегінде: «Еркін бидің негізгі теоретиктері мен практиктерінің бірі — Рудольф фон Лабан. Ол бидің жаңа бағытын зерттеу барысында жинақталған тәжірибесін қорытындылай келе — кеңістіктің, уақыттың, күш пен ағынның параметрлерін пайдалану арқылы қозғалыстың динамикалық аспектілерін сипаттайтын, сондай-ақ, қозғалатын дененің өзін қоршаған кинесфераға қатысты қарастыратын қозғалыс-аналитикалық жүйені құрады. Ол өзінің би мектебінде импровизациямен тәжірибе жасады. Бірақ бәрінен бұрын ол импровизация құралдарын қарапайым қозғалыстар мен комбинациялардың нұсқаларын дайындауға мүмкіндік беретін оқыту әдісі ретінде дамытты» (2).

1919—1923 жж. Рудольф Лабан Еуропаның басқа да ірі қалаларында, мысалы Венада, Римде, Прагада және Гамбургте өзінің би мектептерінің негізін қалады. Барлық мектептердің бір атаулы болды — «Лабан мектебі». Атақты қозғалысты талдау жүйесінің негізін қалаушы бірден барлық мектептерін басқара алмағандықтан, білім ордаларын үздік шәкірттері басқарды. Ол 1920 ж. «Бишілер әлемі» («The dancer's World») атты алғашқы кітабын жариялады. Кейін Р. Лабан өзі армандаған қозғалмалы хорлар құру ойын жүзеге асырды. «Прометей» және «Фауст» спектакльдері сахналанды, музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз де би қойылымдары жасаланды («Агамемнонның өлімі» (1924), «Титан» (1927), «Түн» (1927)). Сонымен қатар, би классикалық музыкасына қойылымдар («Дон Жуан», 1925) жасады. 1926 ж. теоретик өз білімімен басқа мамандармен бөлісу мақсатымен, дәріс оқу ісін қолға алды. Алғашқы дәрістері АҚШ-та (Нью-Йорк, Лос-Анджелес) ұйымдастырылды. 1926 ж. ол өзінің хореография саласында білім беретін ордасын Вюрцбургтен Берлинге ауыстырған. Рудольф Фон

Лабан 1927 ж. тұңғыш тәуелсіз одақ құрды, онда ойымен бөлісу, білім беру, дәріс жүргізу және көркемдік мәселелер талқыланды, хореография саласындағы авторлық құқыққа қатысты мәселелер көтерілген. Ал 1928 ж. ол өзінің «Schrifttanz» қозғалыс жазу жүйесін жариялаған. Алдымен жүйеге «Лабанның Кинетографиясы» (Kinotography) деп атау берген, кейін «Лабанотация» (Labanotation) деп аталды. Ресейлік балеттанушылар Оксана Воробьева мен Ксения Дёмина «Ресейдегі заманауи би» атты еңбегінде 1930-шы жылдарда Германиядағы Заманауи би алғаш рет балет театрларының ресми репертуарына енгізілгені мен Рудольф фон Лабанның бүкіл Еуропадағы шәкірттері өздерінің труппалары мен мектептерін құрғаны жайлы атап өткен (2).

«Би теоретигі өз теориясын дамыту үшін Ежелгі Үндістанның, неоплатониктердің және пифагорлықтардың философиялық және эстетикалық ілімдеріне бет бұрды. Оның зерттеу жұмысының нәтижесі теориялық еңбек — «Кинематография» болды (1928)» (Усачёв, Бугаев 2). Бұл еңбекте ұлттық, стильдік және жанрларға ортақ би қозғалыстарының жалпы сипаттамалары жинақталып, әмбебап қимылдар жүйесін ұсынды.

«Би сөзден тыс ойлар мен сезімдерді қимыл арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, көркем мәдениеттің дамуымен бидің семиотикалық кеңістігі ұлғайды. Теоретик Рудольф Фон Лабан тәжірибесінде қойылымын әдебиетпен байланыстырып, хор өлеңдерінің сүйемелдеуімен сахналады. Енді би тек сахнада немесе студияда қойылу қағидасы жоқ; би кез келген кеңістікте құрала алады» (Mizko 3).

Теоретик Лабан тек кәсіби бишілерімен қатар еңбек одақтары мен қоғамдық ұйымдармен де тығыз жұмыс істеді. Ол өзінің жарияланымдарында жеке және топтық қозғалыста еркіндікті қолдаған. Ол «Қозғалыс хоры»

деп аталатын бірлескен қойылым түрін жасады. Қозғалыс хорының ең үлкен қойылымына он мың орындаушы, оның ішінде екі мың бес жүзі кәсіби бишілері өнер көрсетті. 1929 жылы Венаға Германияның түкпір-түкпірінен жиналған орындаушылар «Festzug der Gewerbe» атты өнер мен қолөнердің мерекелік шеруіне де келген.

«Лабанның теориялары мен ілімдері Орталық Еуропада үлкен әсер етті. Оның қозғалыстағы формаларды талдауы «хоревтика» деп аталады, адамның барлық қозғалыстарына қолдану үшін жасалған «Лабанотация» сияқты ғылыми жүйе болды. Адамның қоршаған кеңістікке қатынасына сүйене отырып, хореография күрделі геометриялық фигураларға негізделген қозғалыстың он екі негізгі бағытын анықтады. Оның «Эукинетика» деп аталатын тағы бір теориялық жүйесі бишінің динамикалық және мәнерлі қимылдарды басқаруын күшейту үшін жасалған» («Britannica» 1).

Адольф Гитлер билік басына келгеннен кейін атақты теоретиктің ілімі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары барлық жағынан қысым көре бастады. Рудольф фон Лабан 1936 ж. бүкіл бұрын-соңды болмаған Германияда ашық аспан аясында қойылымын ұйымдастырып, ол бүкіл Германия елінің бірнеше қалаларында бір сәтте өткізілуі керек еді. Алайда бұл ұйымдастырылған мәдени шара Үшінші Рейх канцлері Йозеф Геббельстің дайындығының біріне келіп, тыйым салуы нәтижесінде іске аспады. Қойылымның сахналануына тыйым салу себебі — «Германияда нацистік сәлемдесу болып табылатын бір ғана қимылдың болуы керектігі» жарияланған еді. Бұл шешім, әрине, Лабанның төзімін тауысып, соңғы сабағын өткізуі мен Германиядағы жұмысын аяқтау туралы шешім қабылдануына себеп болды. Хореограф Парижге көшіп, Сорбонна университетінде дәріс оқыды.

«Лабан би қозғалысы музыкаға негізделген және әуенге сәйкес келеді

деген жалпы ұғымнан бас тартады. Майталманның ойынша қозғалыс табиғаты үйлесімді емес. Дауыс дыбыстарға ыдыраса, би тәуелсіз қозғалыстарға ыдырайды» (Максимов 82).

Біршама уақыттан кейін таңдауы Англияға түсіп, Лабан өзінің теориясын практикалық тұрғыда қолдану өзектілігі артып, іске асыру жұмыстары басталды. Өнеркәсіпші Ф. Лоуренс пен атақты теоретик Р. Лабан бірлескен авторлар ретінде «күш-жігер» тұжырымдамасын әзірлеу және оны қолдану барысында олар зауыттардағы адамдардың қозғалыс динамикасы туралы іргелі, ауқымды зерттеулер мен тәжірибелер жүргізді. Кейін Лабанның жаңа қызығушылығының басты бағытының бірі балалардың дене тәрбие мен даму жүйесіндегі құрал ретінде қолданылды. Оның осы бағыттағы серіктесі Лиза Ульман орта мектеп оқу бағдарламасында кеңінен қолданылатын және дене шынықтыру сабақтарының баламасы болатын «Заманауи білім беру биі» («Современный образовательный танец») оқу бағдарламасын ұсынды. Оның зерттеу жұмыстарының басты бағыты қозғалыс үдерісінің физиологиялық аспектісіне бағытталған болатын. Сонымен қоса, қозғалыс өнері мен би тарихы жайлы дәрістер оқыған. 1958 ж. әйгілі би әлеміндегі теоретик Рудольф Фон Лабан Англия елінде мәңгілікке көз жұмды.

Нәтижелер

Диана Шульц өзінің «Заманауи биіндегі биді ойлап табу әдісі ретінде импровизацияның пайда болуы мен дамуы: мәдени және әдіснамалық аспектілер» (2021) атты зерттеу жұмысында Рудольф фон Лабанның адам денесінің қозғалысын жіктеуге тырысқаны және олардың параметрлері мен сипаттамалары арасындағы логикалық реттілікті орнатқаны

жайлы жазған (110). Ол келесідегідей аспектілерді қарастырды:

1. Қозғалыстың кеңістіктік параметрлері (қозғалыс орнын сипаттайтын қозғалыс болуының кейбір алдын-ала анықталуын қалыптастыратын нақты кеңістіктік шеңберлер);

2. Қозғалысты жүзеге асыру себептері (биші жүзеге асыратын іс-әрекеттердің жеке мақсаттары мен мотивтерінің сипаты);

3. Қозғалыс үдерісінің сипаттамасы;

4. Қозғалыс шектеулерін анықтау.

«Р. Лабан әуесқой ансамбльдермен жұмыс істеу кезінде импровизацияны қолдануы екі кезеңдерден тұрды. Біріншісінде ол бас әртіс импровизациясы арқылы қозғалыстар құрады, ал қалған орындаушылар сол қимылдарды қайталаған. Импровизация әсерінен белгілі бір би комбинациялары пайда болып, содан кейін сол қозғалыстарды қойылымдарда орындау үшін қолданған. Сондықтан импровизация негізінен өндіріс әдісі ретінде емес, дайындау әдісі ретінде жұмыс істейді» (Матушкина 100).

Адамның қозғалысын талдау қимылдың нақты мақсатын білуді қамтиды. Ол үшін адамның не үшін қозғалатынын түсіну керек. Сонымен, Р. Лабан адам қозғалысының себептерін негізгі төрт топқа бөлді:

1. Кез-келген әрекетті орындау үшін (нақты мақсатқа ие);

2. Экспрессия үшін (сезім формаларын көрсету мақсатында);

3. Түсіну үшін (алынған тәжірибе мен ойлар арқылы);

4. Ізденіс (бұрын айтылмаған эмоцияларды білдіру үшін).

Лабанның қозғалыс талдауы бірнеше негізгі тараптарға бөлінген қозғалыс дискрипторларын жан-жақты жүйелеуге негізделген. Мысалы дене, кеңістік, күш, қарым-қатынас және пішін. Теоретиктің тұжырымдамасы бойынша, адам тек саналы түрде ғана емес, сонымен қатар, бейсаналық түрінде де қозғала алады. Бейсаналық қозғалыстарды

Р. Лабан «көлеңкелі» деп атаған. Бұл адам білмейтін, сананы қолданбай орындалатын, сонымен қатар, адамның әлеммен бейсаналы ішкі қатынастарын білдіретін қимылдар.

Адамның әрбір қозғалысын зерттей отырып, теоретик Р. Лабан адам құрылымының қаңқасын көлденең және тік бөліктеріне жіктеп, адамның қозғалыстарды дұрыс орындауындағы тіректердің үш өлшемділігін байқады. Дене мен бастың ортасына қатысты симметриялы дене бітімінің болуын анықтады: әрбір мүше (ауыз, мұрын және т.б.) орталығында, ал жұптасқан органдар адам денесінің әр жағында симметриялы орналасқан. Бұл тепе-теңдік береді, себебі адам ағзасы теңдестірілген құрылым.

Балеттанушылар Юрий Усачёв (2019), Диана Шульц (2021) ғылыми жұмыстарында Р. Лабан қозғалыстарға талдау жүргізу үшін адам денесін үш компонентке бөлгені жайлы жазып өткен. Олар:

1. Бас — өзін-өзі танып, ақыл-ой белсенділігіне және шындықты сезім арқылы қабылдауға жауап беретін бақылау орталығы;

2. Магистраль — тұтынылатын заттарды (ауа, су, тамақ) өңдеу, тазарту және репродуктивтілік саласы;

3. Аяқ — бүкіл дененің жұмысын, әртүрлі қозғалыстар мен қимылдарды тудыратын дене бөліктері.

Аяқ бишінің денесін айналдырып, бағытын өзгертеді, әртүрлі секіру қимылдарын жасап, тепе-теңдікті сақтап, салмақты көтереді. Ал қолдар болса ұстайды, көрсетеді, бұлғайды және т. б. Р. Лабанның зерттеуі бойынша қозғалыстарды талдау процесі келесі негізгі сұрақтарды анықтаудан басталады:

1. Қозғалыс қайда жүреді?

2. Неліктен қозғалыс орын алады?

3. Қозғалыс қалай жүреді?

4. Қандай қозғалыс шектеулері бар?

Осыған сүйене отырып, қозғалыс талданатын төрт параметрінің бар

екендігі туралы қорытынды жасауға болады — уақыт, кеңістік, динамика және ағын. Параметрлердің әрқайсысы екі полюсті шкала болып табылады.

«Кеңістік адамның өмірдегі қаншалықты маңызды рөл атқаратындығы, тұлғаның өз кеңістігін қалай сезінетіндігін және де басқа адамдардың кеңістігіне басып кіретіндігін білдіреді. Өзінің құндылық-семантикалық кеңістігін қалыптастыру үшін адамзаттың би орындау кезінде өзін жалпы адам құндылықтардың ішінде көрсетуі керек» (Митин 155).

Р. Лабанның талдауы бойынша адамның денесі «кинесфера» деп аталатын берілген үш өлшемді кеңістікте әрекет ете алады. Кинесфера аясында дене аз орын алады немесе кинесфераның перифериясына байланысты кеңейе береді. Бұл өзгерістер нысандарының ауқымын анықтап, Р. Лабан осы нысандардың өзгеруін сипаттайтын негізгі факторларын анықтады:

1. *Жазықтықтар*. Лабан өлшемдерге сәйкес үш негізгі жазықтықты анықтады: еденге параллель жазықтық («үстел жазықтығы»), қабырғаға параллель жазықтық («есік жазықтығы») және тігінен созылған жазықтық («дөңгелек жазықтығы»);

2. *Кеңістіктің бағыты*. Екі нұсқа бар — бағытталған қозғалыс (жолдардың ең қысқасы бойынша жасалады) немесе бағытталмаған (икемділікке жол беріледі және жанама жол таңдалады).

3. *Өлшем* — терендігі, ені және биіктігі жоғары-төмен, оң-солға немесе алға-артқа қозғалысты анықтауға мүмкіндік береді.

4. *Орталық / перифериялық бағыт*. Орталыққа қатысты қарастырылады — қозғалыс денеден немесе денеге қарай жүреді?

5. *Жақындық* — бұл денеге қатысты қозғалыс болатын орынды білдіретін фактор (жақын немесе алыс).

Р. Лабан құрған жүйеде негізгі рөлді екі ұғым атқарған — *кинесфера*

және *күш жүйесі*. Кинесфераны дұрыс көрсетіп, түсіндіру үшін Лабан адамның денесінен үлкендеу текшені қоюды ұсынған. Осы кеңістік адамның денесінің ұлғаюына байланысты жеке аймағы болады. Аймақ аясында адам аяқ-қолымен, денесімен және басымен қозғалыстарды жасайды. Егер басқа біреу адамның жеке кеңістігіне кіруге тырысса, бұл оған бірден ыңғайсыздық тудырған.

Кинесфералардың ауқымына байланысты үш негізгі типтерге бөлінеді — кіші кинесфера (дененің айналасындағы шеңбер, шынтақ диаметрі), ортаңғы кинесфера (адамның ұзартылған қолының диаметрі) және үлкен кинесфера (ұзартылған аяқтың диаметрі).

Негізгі тұжырымдар:

— Р. Лабан жүйесіндегі қозғалыс — қимыл үрдістерінің динамикалық қасиеттері мен энергияның бірнеше негізгі физикалық сипаттамасының арақатынасын білдіреді: ағын уақыты, еркіндігі, бағыты мен күші.

— Адамның өзінің таңдау пайдасына қарай әр әрекеттің энергиялық сипаттамалары өзгеріп отырады.

— Егер адам өзін-өзі толық бақылауға бел буса, бұл ағынның баяулауына алып келеді, ал егер адам тым сенімді болса, бұл ағынның күшіне, яғни оның ұлғаюына үлкен әсер етеді.

— Жаяу жүрудің өзі де қарапайым қозғалыстар еркін ағынының динамикалық тіркесімдерінен тұрады.

Қорытынды

Қозғалыстарды талдау үшін қимыл категорияларының әрқайсысы (ағым, салмақ, кеңістік, уақыт) адамның өзіндік өмірлік мағынаны білдіретіні анық. Мысалы, ағым адамның белгілі бір қозғалыс стилін ұстанып, қаншалықты сақтай алатындығы және көздеген

мақсатына қалай жететіндігі жайлы. Кеңістік — тұлғаның осы өмірде маңызды рөл атқарып, өзінің кеңістігін қалай сезінетіні мен басқа да адамдардың шекарасына немесе өміріне басып кіретінін білдіретіндігі. Салмақ — ол орындаушының өз салмағын жақсы сезінетіні, оның жермен байланысы және т. б. Ал уақыт Р. Лабанның зерттеуі бойынша — өмірде адам қалайша өзіне сенімді болып, ол өмір ырғағына қандай және қалай әсер ететіндігін білдіреді.

«Лабанотация қозғалыстың барлық қажеттіліктері үшін ең берік және әмбебап болып табылды. Қытайда, Францияда, Германияда, Жапонияда, Польшада және Ұлыбританияда батыс және шығыс мәдениеттерде тарихи, ұлттық, балет және заманауи билерді жазуға қызығушылық артқан сайын лабанотация орталықтары құрылды. 1950-ші жылдардан бастап лабанотация АҚШ-тағы және бүкіл әлемдегі колледждер мен университеттерде биді зерттеу үрдісіне енгізілді» (Hutchinson 3).

Теоретиктің құрған жүйесін, еңбектерін тек оқу арқылы түсіну мүмкін емес. Р. Лабан қозғалыс талдау жүйесін тәжірибелік түрде, яғни қозғалу арқылы оқытылады. Ең алдымен, бұл тәжірибе және оның қозғалыс әлеуетін ұлғайту және тек осы негізде басқа адамдардың қозғалысының мән-мағынасын көру мен түсінуге үйрету. Негізі, әрбір тұлға барлығын әрқашан өзінің проекциялары, үміттері мен идеялары арқылы көреді. Р. Лабан жүйесі, мүлдем басқа көзқарасты қабылдау үшін, оларды мүмкіндігінше және саналы түрде пайдалануға немесе өзімен, басқалармен және бүкіл әлеммен өте терең саналы деңгейде қарым-қатынаста болу қабілетін дамытады.

Ресейлік балеттанушы, оқытушы Вадим Никитин өзінің «Хореографиялық шығарманың кезеңдік композиция әдісі» (2020) атты еңбегінде Рудольф Фон Лабанның зерттеулерінің қазіргі таңда болашақ балетмейстерлер мен оқытушыларға оқу барысында

қолданылатынын айтқан: «Би өнерінің революционерінің қозғалыс пен хореографияны зерттеудегі теориялық мұрасы көлемді. Сол себептен оны бөлек талдау қажет. Сонымен қатар, теоретиктің жүйесі қазіргі уақытта болашақ хореографтарды оқытуда тиімді, себебі ол қозғалыс тілін талдау тұрғысынан ең жоғары дамыған» (Никитин 67).

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сында «Хореография» факультетінің атақты заманауи би өнерінің майталмандары Гүлмира және Гүлнара Габбасовалар қазіргі таңда Р. Лабанның қозғалыс талдауын дәріс және семирнар барысында пайдаланады. Бұл жайлы 2022 жылы 21 қазанда Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сы және Ресей театр өнерінің институты ГИТИС-тің ұйымдастыруымен «Қазіргі заман контекстіндегі хореографиялық өнер және кәсіптік білім» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында Р. Лабанның жүйесін «Заманауи би педагогикасы» және «Балетмейстерлік өнер» білім беру бағдарламасында қолданатынын көрсетті. Импровизация арқылы кеңістіктің 26 нүктесімен, импульс, күш, уақыт, салмақ, дене мен әр түрлі жазықтықтарда қозғалуды үйретеді. Білім алушылардың биге қабілеттілігі мен пластикасын арттыру мақсатында теоретиктің қозғалыс талдауын нұсқаулық ретінде пайдаланатындығын Гүлнар Габбасова айтып өткен. Білім алушылармен кеңістікте жұмыс істеуді практикалық түрде көрсетті:

- а) тік — орындаушының жоғары және төмен қозғалыс бағыты;
- б) көлденең — орындаушының бүйірден екінші жаққа қозғалысы;
- в) сагиттальді — орындаушының алға артқа қозғалуы.

Уақыт қозғалыста мынадай ұғымдармен жіктеледі: қарқын, жылдамдық, ырмақ, ұзақтық. Қозғалыстарды баяу және жылдам

орындауға болады, ал жылдамдықты арттыруға немесе азайтуға да болады, қозғалыс біркелкі ырғақта болуы немесе әр түрлі ырғақты болуы мүмкін.

Қимылдың, іс-әрекеттің импульстен жасалуы, яғни қозғалыстың екпінді басталуы кезінде энергия сыртқа таралады және біртіндеп жоғалады. Импульске қарама-қарсы импакт, қозғалыс кеңістікте жалғасады және соңғы нүктеде оның аяқталуы орын алады, екпін пен энергияның шығуы конференцияда практика жүзінде көрсетілді.

«Практика мен теорияны біріктіруге ұмтылған Лабан зерттеудің үш саласын жасады: хореософия-философия, этика және би эстетикасы ретінде; қозғалыс тәжірибесінің кеңістіктік және уақыттық заңдарын қамтитын хореология; және Лабанның «сауаттылықты» іздеуіне жауап берген хореография. Бұл дискурсивті артикуляцияларды да, символдық көріністерді де қамтиды» (Scialom 48).

Атақты би теоретигі Рудольф фон Лабан құрған қозғалысты талдау жүйесі кез-келген қозғалысты барлық мүмкін тұрғыдан зерттеуге және өзгертуге мүмкіндік береді, бұл балетмейстердің шығармашылық іздеуіне үлкен мүмкіндіктер ашады.

Әлемге танымал хореографтар өз шығармашылық ізденіс барысында Рудольф фон Лабанның қозғалыс талдау жүйесін қолданады. Соған дәлелдің бірі нидерландық критик Пол Дерксен (2010) еңбегінде Уильям Форсайттың Лабанның қозғалыс теорияларын жан-жақты зерттеп, қойылымдарында қолданатынын жазған (6). Заманауи би әлеміне еңбек сіңірген майталманның жүйесі орындаушының өз денесін интеллектуалды және тәжірибелік жұмысын біріктіру арқылы қозғалу техникасын дамытуға септігін тигізеді. Эрика Фишер-Лихтеның ойы бойынша кейіпкер орындаушылық тәжірибе барысында қалыптасады, мұнда жеке

физикалық материализм мен дене бітімі хореографияның негізгі категориясы болып табылады (384). Шын мәнінде, біз барлығымыз үнемі қозғалыстарды талдаймыз және түсіндіреміз, бірақ мұндай ақпараттың 80%-ы бейсаналық болып қалады. Адамзат бұл дағдыны туғаннан бастап үйрене бастайды, яғни әлемдегі әрбір қимылдың өзіндік себебі, мақсаты бар. Рудольф фон Лабан құрған жүйе — адамның жеке өзін-өзі көрсету және тану философиясы.

«Лабан өз жүйесін биді талдаудың ең маңызды құралы ретінде ұсынды. Ол қозғалыс адамның жеке басына ең күшті әсер етеді деген ойға сенді. Лабанның еңбегі арқасында, медициналық тұрғыдан бидің бұлшық еттерге, жүйке жүйесіне, адамның денесінің қозғалуына жақсы ықпалы жайлы зерттеулер көбейді» (Laemmli 3).

Қазіргі таңда Лабанотация бүкіл әлемде дамуын жалғастыруда. 1959 жылы Англияда құрылған Лабан кинетографиясының халықаралық кеңесі жаңа идеялар мен әдістерді зерттеу үшін екі жылда бір рет жиналып, өзектілігін зерттейді. Лабанотацияға арналған компьютерлік бағдарламалық жасақтама, атап айтқанда LabanWriter және Calaban, лабанотация нәтижелері мен оқу материалдарын жақсырақ сақтау мен қол жетімділікті қамтамасыз етуде. Би құжаттамасы жаңа өмірге ие болды, себебі бағдарламалық жасақтама қарауға мүмкіндік береді — компакт-дискіде жазылған шығарманың орындалуының бейнежазбасы беріледі.

«Қозғалысты талдау тұрғысынан, спорттағы дене қимылы барысында қозғалыс үлгілерін талдау үшін үлкен маңызға ие. Жаттықтырушылар, физиотерапевттер немесе аналитикалық өнімділік үшін маңыздылығы, шын мәнінде, қозғалыс классификациясын бақылау жағында ептілік талаптары және спорттағы жарақат алу қаупі сияқты зерттеу үшін пайдаланылды» (Miguel A. Gómez 2).

«Лабан биді талдау пәні хореологияны құрды және қазір «Лабанотация» немесе «Лабан кинетографиясы» деп аталатын би нота жүйесін ойлап тапты. Лабан қоғамдық биді дамытқан алғашқы адам болды және ол би білімінің рөлін реформалауды көздеп, бидің барлығына қол жетімді болуы керек деген сенімін баса айтты» (Preston-Dunlop 1).

Рудольф фон Лабанның қозғалыс талдауын негізінен биді жазу үшін

қолданылған, алайда қазіргі таңда оның басқа да қолданыстары бар. Лабанотация өндірістегі зерттеулерде, сондай-ақ жүзу және коньки тебу сияқты спорт түрлерінде физиотерапиялық жаттығуларды жазу, жүйкесіне зақым келген науқастармен терапия ретінде қолданады. Теоретиктің еңбектері қазіргі таңда өз актуальділігін жоғалтпаған, керісінше қолданылатын салалар көбеюде.

Авторлардың үлесі:

И. Р. Аухадиев – негізгі мәтінді жазу, аңдатпа мәтінін өңдеу, редакциялау, әдеби деректерді талдау және жинақтау, кеңес беру, ғылыми жетекшілік.

М. Б. Абишева – ғылыми әдебиеттерді талдау, шетелдік дереккөздермен жұмыс жасау, мәтіннің зерттеу бөлігін дайындау және орындау, әдеби шолуды дайындау.

Вклад авторов:

И. Р. Аухадиев – обработка, редактирование основного текста, текста аннотации, анализ и обобщение литературных данных, консультирование и научное руководство.

М. Б. Абишева – анализ научной литературы, работа с зарубежными источниками, подготовка и исполнение исследовательской части текста, подготовка литературного обзора.

Authors contribution:

I. R. Aukhadiyev – processing, editing the main text, the abstract text, the literature data analysis and generalization, consulting and scientific advising.

M. B. Abisheva – analysis of scientific literature, work with foreign sources, preparation and accomplishment of the research part of the text, preparation of a literary review.

Дәйеккөздер тізімі

Britannica. Editors of Encyclopedia (2022, December 11). *Rudolf Laban. Encyclopedia Britannica*. <https://www.britannica.com/biography/Rudolf-Laban>. Қарастырылған мерзімі 20 қазан 2023.

Fischer-Lichte, Erika. Эстетика перформативности / пер. с нем. Н. Кандинской; под общ. Ред. Д. В. Трубочкина. – М.: Международное театральное агенство Play & Play. – Издательство «Канон+» РООИ Реабилитация», 2021. – 384 с. – ISBN 978-5-88373-670-3.

Gómez, Miguel A., «Rudolf von Laban's Labanotation: the origin of notational analysis methods in sport sciences». *Semblanza – Volumen 11, Número 39 – Enero de 2015*, pp. 96–99.

Hutchinson Guest, Ann. “Labanotation”. *Encyclopedia Britannica*, 27 Sep. 2013, <https://www.britannica.com/art/labanotation>. Қарастырылған мерзімі 20 қазан 2023.

Laemmli, Whitney Elaine, “The Choreography of Everyday Life: Rudolf Laban and the Making of Modern Movement” (2016). Publicly Accessible Penn Dissertations. 1823.

Preston-Dunlop, Valerie. Trinity Laban is the UK's only conservatoire of music and contemporary dance. <https://www.trinitylaban.ac.uk/>. Қарастырылған мерзімі 20 қазан 2023.

Scialom, Melina. *Rudolf Laban in the 21st Century: A Brazilian Perspective*, University of Roehampton, 2015.

Sutil, Salazar N. «Rudolf Laban and Topology: a Videographic Analysis». *Space and Culture*, 2013. №16 (2). pp. 173-193. ISSN 1206-3312

Воробьева, Оксана, Дёмина Ксения. «Современный танец в России». *Мир науки, культуры, образования*, №5 (72), 2018, С. 106–108.

Гренда, Елена. «Основные тенденции становления и развития танца модерн в Германии». *Культура: теория и практика*, vol. 5, №8, 2015, – С. 8.

Дерксен, Пол. «Парадокс Форсайта – Eidos: Telos». Вестник Академии русского балета им. А. Я. Вагановой, no. 1, 2010, с. 245–256.

Максимов, Вадим. «Хореография и сценическое движение в театре экспрессионизма». *Вестник Академии русского балета им. А. Я. Вагановой*, № 6 (65), 2019. С. 78–90.

Матушкина, Марина. «Танцевальная импровизация: истоки и история развития в начале XX века». *Теория и практика общественного развития*, №9, 2014, с. 98–101.

Мизько, Оксана. «Традиции арт-нуво и новые арт-технологии в современном танце». *Журнал Сибирского федерального университета. Гуманитарные науки*, том. 9, №6, 2016, с. 1333–1344.

Митин, Виталий. «Хореографическая деятельность как способ сохранения и развития общечеловеческих ценностей в нравственном воспитании человека». *Вестник Московского государственного университета культуры и искусств*, №4 (72), 2016, С. 151–158.

Никитин, Вадим. «Метод поэтапной композиции хореографического произведения». *Вестник Академии русского балета им. А. Я. Вагановой*, №6 (71), 2020, с. 64–77.

Престон-Данлон, Валери. «Рудольф Лабан сегодня и завтра». *Танец в XX веке*: сб. ст. – Волгоград, 1998, с. 66–75.

Соломкина, Татьяна. «Пластическая выразительность немецкого экспрессионистского актера на сцене и на экране 1914–1921 гг.». *Вестник Академии русского балета им. А. Я. Вагановой*, №1 (36), 2015, с. 148–154.

Сюке, Анни. «Сцены. Танцующее тело: лаборатория восприятия». XX век. – Москва: НЛО, 2016. Т. 3, с. 351–370.

Усачёв, Юрий, и Бугаёв Александр. «Специфика техники Рудольфа фон Лабана в системе современного танца». *Санкт-Петербургский образовательный вестник*, №1–2 (29–30), 2019, с. 82–85.

Хардт, Ивонна. «Выразительный танец в Германии». *Германия. XX век – Модернизм, авангард, постмодернизм*. – Москва: РОССПЭН, 2008, с. 502–517.

Шульц, Диана. «Зарождение и развитие импровизации как метода танцевального мышления в современном танце: культурологические и методологические аспекты». *Вестник культуры и искусств*, №2 (66), 2021, с. 108–115.

References

- Britannica. Editors of Encyclopedia (2022, December 11). Rudolf Laban. Encyclopedia Britannica. <https://www.britannica.com/biography/Rudolf-Laban> Accessed October 20, 2023.
- Derksen, Paul. Paradoks Forsajta – Eidos: Telos (Forsythe Paradox - Eidos: Telos) *Bulletin of the Vaganova Academy of Russian Ballet*, no. 1, 2010, pp. 245–256. (In Russian).
- Fisher-Lihte, Erika. «Estetika performativnosti» (The aesthetics of performativity) / Ed. by N. Kandinskaya. Ed. by D. Trubochkin. – Moscow: International theatrical agency Play & Play. – Kanon+ROOI Rehabilitation, 2021. – 384 p. – ISBN 978-5-88373-670-3. (In Russian)
- Gómez, Miguel A. «Rudolf von Laban's Labanotation: the origin of notational analysis methods in sport sciences». *Semblanza*, Volumen 11, Número 39, – Enero de 2015, pp. 96–99.
- Grenda, Elena. «Osnovnye tendencii stanovleniya i razvitiya tanca modern v Germanii» (The main trends of formation and development of modern dance in Germany). *Culture: Theory and Practice*, vol. 5, no. 8, 2015, p. 8. (In Russian)
- Hutchinson Guest, A. Labanotation. *Encyclopedia Britannica*. <https://www.britannica.com/art/labnotation>. Accessed October 20, 2023.
- Laemml, Whitney Elaine. The Choreography of Everyday Life: Rudolf Laban and the Making of Modern Movement (2016). Publicly Accessible Penn Dissertations. 1823. <https://repository.upenn.edu/edissertations/1823>. Accessed October 20, 2023.
- Maksimov Vadim. «Horeografiya i scenicheskoe dvizhenie v teatre ekspressionizma» (“Choreography and Stage Movement in Expressionist Theater”). *Bulletin of the Vaganova Academy of Russian Ballet*, no. 6 (65), 2019, pp. 78–90. (In Russian)
- Matushkina, Marina. «Tanceval'naya improvizaciya: istoki i istoriya razvitiya v nachale XX veka» (“Dance Improvisation: Origins and History of Development in the Early Twentieth Century”). *Theory and Practice of Social Development*, no. 9, 2014, pp. 98–101. (In Russian)
- Mitin, Vitaly. «Horeograficheskaya deyatelnost' kak sposob sohraneniya i razvitiya obshchechelovecheskih cennostej v npravstvennom vospitanii cheloveka» (Choreographic activity as a way to preserve and develop human values in the moral education of man). *Bulletin of the Moscow State University of Culture and Arts*, no. 4 (72), 2016, pp. 151–158. (In Russian)
- Mizko, Oksana. «Art Nouveau Traditions and New Art-Technologies in Modern Dance» (Traditsii art-nuvo i novyye art-tekhnologii v sovremennom tantse). *Journal of the Siberian Federal University. Humanities*, vol. 9, no. 6, 2016, pp. 1333–1344. (In Russian)

- Nikitin, Vadim. «Innovacionnyj podhod k professional'nomu obucheniyu baletmejstеров современногo танца» ("Innovative approach to professional training of contemporary dance choreographers"). Monograph, Moscow, Moscow State Institute (University) of Culture, 2006. (In Russian)
- Scialom, Melina. «Rudolf Laban in the 21st Century: A Brazilian Perspective» (Doctoral thesis), University of Roehampton, 2015.
- Shulc, Diana. «Zarozhdenie i razvitie improvizacii kak metoda tanceval'nogo myshleniya v sovremennom tance: kul'turologicheskie i metodologicheskie aspekty» (The Origin and Development of Improvisation as a Method of Dance Thinking in Contemporary Dance: Cultural and Methodological Aspects). *Bulletin of Culture and Arts*, no. 2 (66), 2021, pp. 108–115 (In Russian)
- Solomkina, Tatiana. «Plasticheskaya vyrazitel'nost' nemeckogo ekspressionistskogo aktera na scene i na ekrane 1914–1921» ("The plastic expressiveness of the German expressionist actor on stage and screen 1914–1921"). *Bulletin of the Vaganova Academy of Russian Ballet*, no. 1 (36), 2015, pp. 148–154. (In Russian)
- Sutil, Salazar N. "Rudolf Laban and Topology: a Videographic Analysis." *Space and Culture*, 16 (2), 2013, pp. 173–193.
- Usachyov, Yuri, i Bugayov Alexey. «Specifika tekhniki Rudol'fa fon Labana v sisteme sovremennogo tanca» (The Specificity of Rudolf von Laban's Technique in the System of Contemporary Dance). St. *Petersburg Educational Newsletter*, no. 1-2 (29-30), 2019, pp. 82–85. (In Russian)
- Preston-Dunlop, Valerie. Trinity Laban is the UK's only conservatoire of music and contemporary dance. <https://www.trinitylaban.ac.uk>. Accessed October 20, 2023.
- Vorobeva Oksana, Demina Ksenia. «Sovremennyj tanec v Rossii» ("Modern Dance in Russia"). *The World of Science, Culture, and Education*, no. 5 (72), 2018, pp. 106–108. (In Russian)

Ильзат Аухадиев

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

Мадина Абишева

Алматинский Музыкальный Колледж имени П. И. Чайковского
(Алматы, Казахстан)

МЕТОД АНАЛИЗА ДВИЖЕНИЙ РУДОЛЬФА ФОН ЛАБАНА: ИСТОРИЯ, ТЕОРИЯ, СПЕЦИФИКА

Аннотация. В статье рассматриваются двигательные исследования теоретика выразительного танца, хореографа Рудольфа фон Лабана. Сущность, направление и структура системы, созданной известным теоретиком, оказали влияние на развитие нового танцевального жанра в Германии. «Анализ движений Р. Лабана» – комплексная система понимания и анализа движений человека, включающая четыре категории, постоянно взаимодействующих: тело, пространство, форма и сила (динамические свойства). Эта философия самосознания и самовыражения личности представляет собой систему, способствующую изображению и развитию движений человека и группы людей, раскрывая полное творческое самовыражение, индивидуальность, а также эффективное действие на сцене и в жизни. Исследование выразительного танца авторами основано на работах западноевропейских, российских исследователей, а также балетоведов Германии.

Статья рассматривает жизнь создателя системы анализа движения Р. Лабана, его пути поиска и творчества, основные понятия и методы развития системы, а также понимание двигательной деятельности человека в целом и ее взаимодействия с пространством. Теория Рудольфа фон Лабана играет важную роль в методе развития пластического языка, актуализируя проблему поиска хореографа в разработке способов телесного выражения чувств, как процесса организации особого художественного текста. Как исследователь-модернист, Рудольф Лабан сосредоточился на изучении художественного самовыражения людей, что до сих пор находит отражение в творчестве хореографов и ученых всего мира. Статья основана на изучении опыта экспериментов практиков в области танца и их влиянии на материализацию лабановского дискурса сегодня.

Ключевые слова: хореография, современный танец, Рудольф фон Лабан, движение, перформанс, искусство, театр, система.

Для цитирования: Ильзат, Аухадиев, и Мадина Абишева. «Метод анализа движений Рудольфа фон Лабана: история, теория, специфика». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, № 4, 2023, с. 221-238, DOI: 10.47940/cajas.v8i4.774.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Ilzat Aukhadiyev

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

Madina Abisheva

P. I. Tchaikovsky Almaty Music College
(Almaty, Kazakhstan)

RUDOLF VON LABAN'S METHOD OF MOTION ANALYSIS: HISTORY, THEORY, SPECIFICITY

Abstract. This article explores the movement studies of expressive dance theorist and choreographer Rudolf von Laban examining the essence, direction, and structure of his influential system that shaped a new dance genre in Germany. R. Laban's Analysis of Movement is a comprehensive system for understanding and analyzing human movement. It includes four categories that constantly interact: body, space, form and force (dynamic properties). It is a philosophy of self-awareness and personal expression; a system that helps portray and develop the movements of individuals and groups of people, while revealing full creative expression, individuality, and effective action on stage and in life. The authors have studied the works of Western European and Russian researchers, along with those of German ballet scholars, as primary sources for their research on expressive dance.

This article examines the life of the creator of the system of movement analysis R. Laban, the ways of search and creativity, the basic concepts and methods of development of the system, the understanding of human movement activity in general, how it arises, how it can interact with the space. Rudolf von Laban's theory significantly contributes to the development of the plastic language methodology by addressing the choreographer's quest to articulate emotions through bodily expression, thereby organizing a distinctive artistic text. Laban, as a modernist researcher, concentrated on scrutinizing the artistic expression of individuals, a legacy evident in the endeavors of choreographers and scientists globally. Consequently, this article is grounded in the examination of experiments conducted by dance practitioners, elucidating their impact on the contemporary manifestation of Laban's discourse.

Key words: choreography, modern dance, Rudolf von Laban, movement, performance, art, theater, system.

Cite: Ilzat, Aukhadiyev, and Madina Abisheva. "Rudolf Von Laban's Method of Motion Analysis: History, Theory, Specificity". *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 8, no. 4, 2023, pp. 221-238, DOI: 10.47940/cajas.v8i4.774.

The authors have carefully reviewed and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interest

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Аухадиев Ильзат Ришатович – PhD докторанты, «Хореография педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Аухадиев Ильзат Ришатович – докторант PhD, магистр искусств, старший преподаватель, заведующий кафедрой «Педагогика хореографии», Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

Ilzat R. Aukhadiyev – PhD Student, Master of Arts, Senior Lecturer, Head of Chair «Pedagogy of Choreography», Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-5053-8234
E-mail: ilzataukhadiyev@gmail.com

Абишева Мадина Бейсебайқызы – өнертану магистрі, оқытушы, П. И. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі (Алматы, Қазақстан)

Абишева Мадина Бейсебаевна – магистр искусств, преподаватель, Алматинский музыкальный колледж им. П. И. Чайковского (Алматы, Казахстан)

Madina B. Abisheva – Master of Arts, Teacher, P. I. Tchaikovsky Almaty Music College (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-0430-1930
E-mail: abisheva.madina.91@mail.ru